

**Алматы қаласының аумағында көші-қон барысын реттеу жөніндегі кейбір мәселелер туралы**

*Күшін жойған*

II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XIII сессиясының 2001 жылғы 05 желтоқсандағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2001 жылғы 10 желтоқсанда N 410 тіркелді. Күші жойылды - III сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XIX сессиясының 2005 жылғы 18 қарашадағы N 199 шешімімен

Қазақстан Республикасының "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Заңының 3 бабының 8-ші тармағына сәйкес, Алматы қаласының аумағында шетел азаматтарының коммерциялық қызмет жағдайларын реттеу мақсатында, II-ші сайланған Алматы қалалық Мәслихаты **шешім қабылдады** :

1. Алматы қаласының аумағында коммерциялық қызмет істеп жүрген шетел азаматтарын есепке алу берілген Тәртібі бекітілсін.

2. Алматы қаласының әкіміне белгілі мерзімде осы шешімнің жүзеге асуының барлық керекті шараларды қолдану жөнінде ұсыныс берілсін.

3. II-ші сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XIII сессиясының 2001 жылы 31 қазандағы "Алматы қаласының аумағында көші-қон барысын реттеу жөніндегі кейбір мәселелер туралы" шешімі өз күшін жойды деп есептелсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау заңдылық, құқылық тәртібі және жергілікті өзін-өзі басқару жөніндегі тұрақты комиссиясына (Е.М.Мұқыжанов) және Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қ.Бүкеновке жүктеледі.

*II-ші сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының XIII сессиясының*

*төрағасы*

*II-ші сайланған Алматы қалалық*

*Мәслихатының хатшысы*

II - ш і с а й л а н ғ а н  
Алматы қалалық Мәслихатының  
XIII сессиясының  
2001 жылғы 05 желтоқсандағы  
шешіміне қосымша

**Алматы қаласының аумағында коммерциялық**

# қызмет істеп жүрген шетел азаматтарын есепке алу Тәртібі

## 1. Жалпы қағида

1.1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Заңына сәйкес әзірленген және Алматы қаласында шетел азаматтарының коммерциялық қызмет жасауына байланысты мәселелерді р е т т е у г е б а ғ ы т т а л ғ а н .

1.2. Осы Тәртіппен Алматы қаласының аумағында коммерциялық қызмет істеп жүрген шетел азаматтарын есепке алу тәртібі белгіленген. Міндетті есепке тұру, Қазақстан Республикасынан шет аумақтағы жұмыс берушілер жалдаған, жұмыс істеу құқығын Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі берген рұқсат бойынша еңбектеніп жүрген шетел а з а м а т т а р ы н а т а р а т ы л м а й д ы .

1.3. Осы Тәртіптің мәтінінде қолданылған түсініктер келесі ұғымды білдіреді:

шетел азаматтары - Алматы қаласына заңды тұлға ашуға болмаса жеке коммерциялық қызмет істеуге келген ТМД елдерінің және алыс шетел а з а м а т т а р ы ;

өкілетті орган - Алматы қаласы әкімшілігінің қаулысымен анықталған, есепке алуды жүзеге асырушы, орган;

есепті тіркеу - шетел азаматтарын есепке алу рәсімі, соның қорытындысында Алматы қаласының аумағында коммерциялық қызмет істеп жүрген шетел азаматтарын есепке алу құқығын растайтын, осы Тәртіпке сәйкес рұқсат құжаты.

## 2. Есепке алу тәртібі

2.1. Халықаралық шарттармен немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен басқа тәртіптер белгіленген шетел азаматтарына есепті тіркеуден өту т а л а б ы қ о й ы л м а й д ы .

2.2. Есепті тіркеуден өту үшін шетел азаматтары тапсыратын растау нұсқасы мен керекті құжаттардың тізімін өкілетті орган белгілейді.

2.3. Өкілетті орган түгелдей құжаттарын тапсырғаннан кейін 15 күннің ішінде есепке алу туралы, немесе бас тартуы жөнінде шешім қабылдайды.

2.4 Шетел азаматтары есепке алынады тек, осы Тәртіптің 3 тармағындағы талаптар орындалған жағдайда.

2.5. Шетел азаматтарын есепке алу Алматы қаласының әкімі белгілеген

шегінде, тұрғындарының жұмыстылығын арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

2.6. Шетел азаматтары басқа шетел азаматтарын жұмысқа тартуы белгіленген заң тәртібі бойынша жүзеге асырылады.

### **3. Шетел азаматтарының құқықтары мен міндеттері**

3.1. Шетел азаматтарының келесі құқықтары бар:  
белгіленген мерзім ішінде қайта тіркеуден өткенше шетел азаматтарының Алматы қаласы аумағында коммерциялық қызмет атқаруға;  
Қазақстан Республикасының заңдарымен рұқсат етілген барлық қызмет түрлерімен айналысуға;  
қолданылып жүрген заңдар талабына сәйкес алынған қажетті құқық құжаттары болған кезде Алматы қаласында тұруға;  
Қазақстан Республикасы азаматтарын және басқа шетел азаматтарын белгіленген тәртіп бойынша жалдауға.

3.2. Шетел азаматтары міндетті:  
уақытылы, белгіленген тәртіп бойынша, қажетті рұқсат құжаттарын алуға;  
Қазақстан Республикасының Заңдарын және басқа да құқылы нормативті актілерін сақтауға.

3.3. Есеп тіркеуінен өтпес бұрын шетел азаматтары коммерциямен айналысу үшін мекен-жайды қолдануы туралы (сауда орындары, контейнерлер) құжаттары болуы тиіс.

3.4. Есепті тіркеуден өткеннен кейін шетел азаматтары міндетті:  
есепті тіркеуге тұрар кезде алған, жаңа жұмыс орнын ашу жөніндегі міндеттемені орындауға;  
мекен жайын ауыстырғанда болмаса коммерциялық қызмет атқарса 15 күннің ішінде өкілетті органға хабарлауға;  
жыл сайын белгіленген тәртіп бойынша есепті тіркеуден өтуге.

### **4. Рұқсат беруден бас тарту**

4.1. Есепке алудан бас тартуын, өкілетті орган жазбаша түрде бас тарту себептерін көрсетіп, белгіленген есепке алу тәртіптерінің келесі негіздері бойынша жүргізеді:

жұмыс орнын ашу жөніндегі міндеттемені орындамаса;  
жалған ақпарат пен құжаттар тапсырылған болса;  
Алматы қаласы әкімі бекіткен шек асып кетсе;  
осы Тәртіптің 3 тармағындағы бекітілген қандай да бір міндеттемесін

о р ы н д а м а с а .

4.2. Есепке алуудан бас тартқаннан кейін және басқа да іс әрекеттер, сол есепке алуға байланысты мәселелер бойынша белгіленген заң тәртібінде сотқа шағымдануына.

## **5. Есеп және бақылау**

5.1. Берілген есепке алу жөніндегі құжаттарға есепті өкілетті орган жасайды. Барлық берілген есепке алулар арнаулы журналда шетел азаматының аты, жөні, тегі, азаматтығы, уақытша тұрған мекен-жайы, байланыс телефоны, есепке алынған күні мен мезгіл шегі көрсетіліп тіркеледі. Журналда өкілетті органның қалауы бойынша тағы басқа рұқсаттың берілуі туралы мәліметтер жазылуы м ү м к і н .

5.2. Есепке алынған шетел азаматтарының қолданылып жүрген заңдарды бұзбауын бақылауды құзыреті бар өкілетті орган жүргізеді.

## **6. Есепті тіркеуді тоқтату және жою**

6.1. Шетел азаматтарына осы Тәртіпті бұзғаны үшін өкілетті орган оларға келесі шараларды қолдануға құқылы:

құжаттарын тиісті мемлекет органдарына шара қолдануы үшін тапсыруға; жіберілген қателіктер түзетілгенше оның себептерін көрсетіп есепті тіркеуге алуды тоқтата тұруға;

міндетті түрде заң бұзушыға жазбаша түрде хабар беріп есепті тіркеуді жоюға. Есепті тіркеудің жойылғаны жөнінде аумақтық ішкі істер басқармасына және салық қызметтеріне хабар беріледі.

6.2. Жойылған есепті тіркеу, басқа мемлекеттік органдардың құзыреті бойынша лайықты қолданылатын шараға негіздеме болып есептеледі.

6.3. Есепті тіркеуге байланысты жойылған және тоқтатылған немесе басқа іс қимылдарға шетел азаматы бекітілген заң тәртібі бойынша шағымдануына болады.

*II-ші сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының XIII сессиясының  
төрағасы*

*II-ші сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК